

**"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті төрағасының 2019 жылғы 16 қаңтардағы № П-3 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті Төрағасының 2019 жылғы 29 қаңтардағы № П-6 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 2021 жылғы 16 маусымдағы № 137-НҚ бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржылық мониторинг агенттігі Төрағасының 16.06.2021 № 137-НҚ бұйрығымен.**

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 және "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 920 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 қаңтардағы № 19 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитетінің аумақтық органдарының ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қаржы мониторингі комитеті төрағасының 2019 жылғы 16 қаңтардағы № П-3 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақмола облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

3. Осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

4. Осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Атырау облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

5. Осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

6. Осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Жамбыл облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

7. Осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

8. Осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Қарағанды облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

9. Осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Қостанай облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

10. Осы бұйрықтың 10-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Қызылорда облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

11. Осы бұйрықтың 11-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Маңғыстау облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

12. Осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Павлодар облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

13. Осы бұйрықтың 13-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

14. Осы бұйрықтың 14-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Түркістан облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

15. Осы бұйрықтың 15-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

16. Осы бұйрықтың 16-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Астана қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі;

17. Осы бұйрықтың 17-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Шымкент қаласы бойынша экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі бекітілсін.";

көрсетілген бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 және 17-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16 және 17-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі  
комитетінің төрағасы

Ә. Жұмаділдаев

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
29 қаңтардағы № 6 бұйрығына  
1-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
16 қаңтардағы № П-3  
бұйрығына  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі**

## **1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақмола облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес Департаментке уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Пушкин көшесі, 21.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақмола облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілермен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-бөлім. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Департаменттің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

14. Департаменттің функциялары:

1) Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысандарын және әдістерін жетілдіру;

4) жедел-ізвестіру қызметін, анықтау және алдын ала тергеуді жүзеге асыру, жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу қызметі практикасын талдау және қаржы мониторингі органдарын анықтау, республикадағы жедел жағдай болжамын жасау, қаржы мониторингі органының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қабылдау;

5) мемлекеттік кірістер органының жүргізуіне жататын қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды және сот қаулысы бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін талап арыз бойынша олардың орналасқан жері туралы мәліметтер болмаған кезде жауап берушілерді іздеуді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселесі бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимылда болу және өз өкілетті шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

7) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда болу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

1) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен криминалистік зерттеулер жүргізу;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді хаттамаға түсіру және қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген басқа да шараларды қолдану;

4) құқық бұзушылық жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстау және Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі немесе өзге органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою, тінту жасау немесе алу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құжаттау, дыбыс-, бейнежазба, кино-, суретке түсіру, көшірме бедер жасау, баспатаңба, жоспарлар, схемалар және ақпаратты түсіріп алудың өзге де тәсілдерін жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса тауарлар сатып алу;

8) дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдану;

9) Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атыс қаруы мен өзге де қаруды және арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану;

11) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

12) іс жүргізуде бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсініктемелер алу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

14) іс жүргізуде бар қылмыстық істер бойынша шақыртуға келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелу;

15) ұсталғандарды және қамауға алынған өзге де адамдарды айдау;

16) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес ұсыныс енгізу;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес Департаменттің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды, сондай-ақ өзге де мәліметтерді сұрату және алу;

18) Департамент қызметкерлеріне даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

Міндеттері:

19) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және сақталуын қамтамасыз етуге;

20) қаржы мониторингін жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қаржы мониторингі органының және (немесе) қаржы мониторингі органы лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

22) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Заңдарымен осы органның жүргізуіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

23) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және анықтау жөнінде жұмыс жүргізу;

24) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, сондай-ақ "Жедел-іздістіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген міндеттерді орындау;

25) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарауға жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша шаралар қабылдау;

26) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарының қызметіне, қаржы мониторингі органдарының лауазымды тұлғаларына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету;

28) жасалған немесе жасалуға әзірленіп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарларды қабылдау, тіркеу және қарау, олардың жолын кесу, ашу, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті салдарларға жол бермеу жөнінде дер кезінде шаралар қабылдау;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар келтірген мүліктік зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету үшін құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

30) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөніндегі заңнамалық актілерде көзделген шараларды қабылдау;

31) заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін Комитетке қажетті ақпарат ұсыну;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3-бөлім. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Департамент басшысы жүзеге асырады.

17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысы қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысының қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департамент құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесі бойынша Комитетке ұсыныс енгізеді.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілерін;

басқарма басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілеріне іссапар, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, марапаттау, үстемеақы және сыйақы төлеу туралы мәселелерді шешеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауаптылықта болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

### **4-бөлім. Департаменттің мүлкі**

20. Заңнамада көзделген жағдайларда Департаменттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақша кірістерді қоса алғанда) және өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өзбетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

### **5-бөлім. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
29 қаңтардағы № 6 бұйрығына  
2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
16 қаңтардағы № П-3  
бұйрығына  
2-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі**

#### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкесқазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес Департаментке уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіптен Департамент басшысының бұйрықтарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 030006, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, 8-Марта көшесі, 3А.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Ақтөбе облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілермен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-бөлім. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Департаменттің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

14. Департаменттің функциялары:

1) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысандарын және әдістерін жетілдіру;

4) жедел-ізвестіру қызметін, анықтау және алдын ала тергеуді жүзеге асыру, жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу қызметі практикасын талдау және қаржы мониторингі органдарын анықтау, республикадағы жедел жағдай болжамын жасау, қаржы мониторингі органының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қабылдау;

5) мемлекеттік кірістер органының жүргізуіне жататын қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды және сот қаулысы бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін талап арыз бойынша олардың орналасқан жері туралы мәліметтер болмаған кезде жауап берушілерді іздеуді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселесі бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимылда болу және өз өкілетті шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

7) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда болу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

Құқықтары:

1) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен криминалистік зерттеулер жүргізу;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді хаттамаға түсіру және қарау, әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген басқа да шараларды қолдану;

4) құқық бұзушылық жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстау және Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі немесе өзге органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою, тінту жасау немесе алу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құжаттау, дыбыс-, бейнежазба, кино-, суретке түсіру, көшірме бедер жасау, баспатаңба, жоспарлар, схемалар және ақпаратты түсіріп алудың өзге де тәсілдерін жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса тауарлар сатып алу;

8) дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдану;

9) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атыс қаруы мен өзге де қаруды және арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану;

11) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

12) іс жүргізуде бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсініктемелер алу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

14) іс жүргізуде бар қылмыстық істер бойынша шақыртуға келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелу;

15) ұсталғандарды және қамауға алынған өзге де адамдарды айдау;

16) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес ұсыныс енгізу;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес Департаменттің негізгі міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды, сондай-ақ өзге де мәліметтерді сұрату және алу;

18) Департамент қызметкерлеріне даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

Міндеттері:

19) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және сақталуын қамтамасыз етуге;

20) қаржы мониторингін жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қаржы мониторингі органының және (немесе) қаржы мониторингі органы лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

22) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Заңдарымен осы органның жүргізуіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

23) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және анықтау жөнінде жұмыс жүргізу;

24) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, сондай-ақ "Жедел-іздістіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген міндеттерді орындау;

25) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарауға жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша шаралар қабылдау;

26) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарының қызметіне, қаржы мониторингі органдарының лауазымды тұлғаларына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету;

28) жасалған немесе жасалуға әзірленіп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарларды қабылдау, тіркеу және қарау, олардың жолын кесу, ашу, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті салдарларға жол бермеу жөнінде дер кезінде шаралар қабылдау;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар келтірген мүліктік зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету үшін құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

30) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөніндегі заңнамалық актілерде көзделген шараларды қабылдау;

31) заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін Комитетке қажетті ақпарат ұсыну;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3-бөлім. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Департамент басшысы жүзеге асырады.

17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысы қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысының қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департамент құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесі бойынша Комитетке ұсыныс енгізеді.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілерін;

басқарма басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілеріне іссапар, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, марапаттау, үстемеақы және сыйақы төлеу туралы мәселелерді шешеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауаптылықта болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4-бөлім. Департаменттің мүлкі**

20. Заңнамада көзделген жағдайларда Департаменттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақша кірістерді қоса алғанда) және өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өзбетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-бөлім. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
29 қаңтардағы № 6 бұйрығына  
3-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
16 қаңтардағы № П-3  
бұйрығына  
3-қосымша

### **Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі**

#### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық

бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкесқазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес Департаментке уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 040700, Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, 11А.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Алматы облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілермен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

**2-бөлім. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

### 13. Департаменттің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

### 14. Департаменттің функциялары:

1) Қазақстан Республикасының жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-ізвестіру қызметін жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес нысандарын және әдістерін жетілдіру;

4) жедел-ізвестіру қызметін, анықтау және алдын ала тергеуді жүзеге асыру, жедел-ізвестіру, әкімшілік, тергеу қызметі практикасын талдау және қаржы мониторингі органдарын анықтау, республикадағы жедел жағдай болжамын жасау, қаржы мониторингі органының араласуын талап ететін мәселелер бойынша жедел ден қою шараларын қабылдау;

5) мемлекеттік кірістер органының жүргізуіне жататын қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша адамдарды және сот қаулысы бойынша мемлекеттің мүддесін білдіретін талап арыз бойынша олардың орналасқан жері туралы мәліметтер болмаған кезде жауап берушілерді іздеуді жүзеге асыру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы күрес мәселесі бойынша шет мемлекеттердің тиісті органдарымен өзара іс-қимылда болу және өз өкілетті шегінде халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

7) Қазақстан Республикасының экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылда болу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

### 15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

#### Құқықтары:

1) Қазақстан Республикасында қылмысқа қарсы күрес бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен криминалистік зерттеулер жүргізу;

3) әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді хаттамаға түсіру және қарау , әкімшілік ұстауды жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген басқа да шараларды қолдану;

4) құқық бұзушылық жасаған адамдарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстау және Қазақстан Республикасының қаржы мониторингі немесе өзге органдарының қызметтік үй-жайларына жеткізу;

5) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес құжаттарды, тауарларды, заттарды немесе өзге де мүлікті алып қою, тінту жасау немесе алу;

6) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес құжаттау, дыбыс-, бейнежазба, кино-, суретке түсіру, көшірме бедер жасау, баспатаңба, жоспарлар, схемалар және ақпаратты түсіріп алудың өзге де тәсілдерін жүргізу;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарына жүктелген функцияларды орындау үшін қаруды, арнайы техникалық және өзге де құралдарды қоса тауарлар сатып алу;

8) дене күшін, оның ішінде күрестің жауынгерлік тәсілдерін қолдану;

9) Қазақстан Республикасының жедел-іздістіру қызметі туралы заңнамасына сәйкес жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен атыс қаруы мен өзге де қаруды және арнайы құралдарды алып жүру, сақтау және қолдану;

11) Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасына сәйкес өкілеттіктерді жүзеге асыру;

12) іс жүргізуде бар материалдар мен қылмыстық істер бойынша құжаттарға, материалдарға, статистикалық ақпаратқа және өзге мәліметтерге қол жеткізу, сондай-ақ ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды тұлғаларынан, жеке тұлғалардан оларды беруді талап ету, олардың көшірмелерін түсіру, түсініктемелер алу;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен тиісті уақытша ұстау изоляторларын, тергеу изоляторларын пайдалану;

14) іс жүргізуде бар қылмыстық істер бойынша шақыртуға келуден жалтарып жүрген адамдарды күштеп әкелу;

15) ұсталғандарды және қамауға алынған өзге де адамдарды айдау;

16) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес ұсыныс енгізу;

17) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен және халықаралық шарттарының ережелеріне сәйкес Департаменттің негізгі

міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті ақпаратты, құжаттарды, сондай-ақ өзге де мәліметтерді сұрату және алу;

18) Департамент қызметкерлеріне даярлауды, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;

Міндеттері:

19) өз қызметі процесінде алынған қызметтік, коммерциялық, банктік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты, мәліметтер мен құжаттарды сақтаудың, қорғаудың тиісті режимін және сақталуын қамтамасыз етуге;

20) қаржы мониторингін жүзеге асыру процесінде адамның және азаматтың, заңды тұлғалардың және мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімде қаржы мониторингі органының және (немесе) қаржы мониторингі органы лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдарды қарау;

22) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының Заңдарымен осы органның жүргізуіне жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

23) өз құзыреті шегінде құқық бұзушылықтардың алдын алу, жолын кесу және анықтау жөнінде жұмыс жүргізу;

24) Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінде, сондай-ақ "Жедел-іздістіру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген міндеттерді орындау;

25) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қарауға жатқызылған қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша шаралар қабылдау;

26) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тарту;

27) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі органдарының қызметіне, қаржы мониторингі органдарының лауазымды тұлғаларына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты құқыққа қайшы әрекеттерден қорғауды қамтамасыз ету;

28) жасалған немесе жасалуға әзірленіп жатқан қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы өтініштер мен хабарларды қабылдау, тіркеу және қарау, олардың жолын кесу, ашу, сондай-ақ қылмыс жасаған адамдарды ұстау және қоғамға қауіпті салдарларға жол бермеу жөнінде дер кезінде шаралар қабылдау;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық құқық бұзушылықтар келтірген мүліктік зиянның орнын толтыруды қамтамасыз ету үшін құзыреті шегінде шаралар қабылдау;

30) қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау жөніндегі заңнамалық актілерде көзделген шараларды қабылдау;

31) заңнамада белгіленген тәртіппен негізгі функциялар мен міндеттерді іске асыру үшін Комитетке қажетті ақпарат ұсыну;

32) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

### **3-бөлім. Департаменттің қызметін ұйымдастыру**

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Департамент басшысы жүзеге асырады.

17. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысы қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысының қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасары болады.

19. Департамент басшысының өкілеттігі:

1) Департамент құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері мен қызметшілерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) Департаменттің штат санының лимиті шегінде Департаменттің штат кестесі бойынша Комитетке ұсыныс енгізеді.

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілерін;

басқарма басшыларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады.

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауапкершілік шараларын қабылдайды;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлері мен қызметшілеріне іссапар, еңбек демалысын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, марапаттау, үстемеақы және сыйақы төлеу туралы мәселелерді шешеді;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша дербес жауаптылықта болады;

8) Комитетке берілетін ақпараттардың дұрыстығына дербес жауаптылықта болады;

9) өз құзыреті шегінде Департаменттің актілеріне қол қояды;

10) барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаментті білдіреді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Департаменттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін орындауды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

#### **4-бөлім. Департаменттің мүлкі**

20. Заңнамада көзделген жағдайларда Департаменттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Департамент мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақша кірістерді қоса алғанда) және өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өзбетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### **5-бөлім. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату**

23. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
29 қаңтардағы № 6 бұйрығына  
4-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Қаржы мониторингі комитеті  
Төрағасының 2019 жылғы  
16 қаңтардағы № П-3  
бұйрығына  
4-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті туралы ережесі**

#### **1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Атырау облысы бойынша Экономикалық тергеу департаменті (бұдан әрі – Департамент) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу бойынша және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды орындауға уәкілеттік берілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеме ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкесқазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Егер заңнамаға сәйкес Департаментке уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Департаменттің заңды мекенжайы: 060002, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Абай көшесі, 8.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қаржы мониторингі комитетінің Атырау облысы бойынша экономикалық тергеу департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілермен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған табыс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2-бөлім. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

### 13. Департаменттің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы органның жүргізуіне жататын қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

### 14. Департаменттің функциялары:

